| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 11-і |  |

7. Қаржыландыру және іссапарға жіберу — 12.1–12.4 тармақтар бойынша; эконом — класпен ұшу, визаны ресімдеу, сақтандыру және тәуліктік-ҚР нормаларына және қаржыландыру көзіне сәйкес.

8. Комплаенс және қауіпсіздік талаптары: барған елдің визалық/санитариялық ережелерін сақтау; санкция салынған/«қара» тізімдердегі провайдерлерде оқуға жол берілмейді.

9. Оралған кезде — 5 жұмыс күні ішінде есеп беру (5а/5б қосымшасы) және 30 күнтізбелік күн ішінде әріптестер үшін семинар/воркшоп; нәтижелерді енгізу жөніндегі ұсыныстар (9.4 тармағын қараңыз).

10. СБ қайта есептеу — «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ қызметкерлеріне қосымша және формальді емес білім беру нәтижелерінің қағидалары бойынша (9.7 тармағын қараңыз).

## 5. Кәсіби дамудың жіктелуі және мақсатты аудиториясы

### 5.1. Мазмұндық бағыт бойынша жіктеу

Университет қызметкерлерінің кәсіби дамуы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

| № | Кәсіби даму бағыты                                               | Мақсаты                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Педагогикалық даму                                               | Оқыту әдістемесін жетілдіру; тәлімгерлікті дамыту; оқыту нәтижелерін бағалау; оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және жаңарту (силлабустар, тапсырмалар, бағалау құралдары және басқалары).                                                                                                                                                     |
| 2 | Ғылыми даму                                                      | Зерттеуді жоспарлау мен жүргізуде құзыреттілікті дамыту (дизайн, методология, биостатистика, деректерді басқару және зерттеушілік этика); жарияланымдардың сапасын және ғылыми көрінімділігін арттыру (индексстеу, дәйексөз алынуы); гранттық жобаларды дайындау және іске асыру; зияткерлік меншікті басқару және нәтижелерді коммерцияландыру. |
| 3 | Бейіндік кәсіби даму (клиникалық, фармацевтикалық және басқа да) | Лауазым бейіні бойынша құзыреттерді өзектілендіру; жаңа технологиялар мен хаттамаларды игеру және енгізу; лицензиялау/аккредиттеу талаптарына және кәсіптік стандарттарға сәйкестігі; кәсіптік сараптамалар жүргізу дағдыларын дамыту (лауазымдық өкілеттіктер шегінде)                                                                          |
| 4 | Басқарушылық даму                                                | Көшбасшылықты, стратегиялық ойлауды, жобалық және процестік басқаруды дамыту                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 5 | Цифрлық даму                                                     | Білім беруде, медицинада және басқаруда цифрлық құралдарды меңгеру                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 6 | Тұлғалық даму                                                    | soft skills дамыту, шаршаудың алдын алу, өзара қарым-қатынас мәдениеті                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 7 | Халықаралық даму                                                 | Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, тағылымдамаларға, халықаралық жобаларға қатысу                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 8 | Сапа саласындағы даму                                            | Ішкі аудитті, СМЖ, ESG, CAPA, PDCA үйрену, аккредиттеуге дайындық                                                                                                                                                                                                                                                                                |

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 12-і |  |

Жеке даму жоспарының бөлігі ретінде қызметкер кәсіби дамудың бірнеше түрін біріктіре алады.

## 5.2. Қызметкерлердің санаттары, оқытудың талаптары мен басым нысандары

| №/р | Қызметкерлердің санаты                                       | Оқытудың басым нысандары                                                                                                     | Жиілігі/міндеттілігі                                |
|-----|--------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| 1   | Профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) мен клиникалық тәлімгерлер | ҚБ (біліктілікті арттыру $\geq 72$ сағат), ФЕБ (TeachHub, әдістемелік семинарлар), халықаралық бағдарламалар, өз бетінше оқу | $\geq 3$ жылда 1 рет (міндетті түрде)               |
| 2   | Денсаулық сақтау саласындағы мамандар                        | ҚБ (біліктілікті арттыру $\geq 60$ сағат), тағылымдамалар, клиникалық конференциялар                                         | $\geq 5$ жылда 1 рет (міндетті түрде)               |
| 3   | Ғылыми қызметкерлер                                          | Тағылымдамалар, ғылыми семинарлар (ФЕБ), халықаралық бағдарламалар, өз бетінше оқу                                           | Жоспар бойынша, халықаралық жобалардың басымдығымен |
| 4   | Әкімшілік-басқару қызметкерлері (ӘБК)                        | Басқару жөніндегі тренингтер (ФЕБ), цифрлық және құқықтық курстар (ҚБ), өз бетінше оқу                                       | Басшылықтың шешімі бойынша                          |
| 5   | Жас мамандар                                                 | Бейімдеу бағдарламалары (ДО), тәлімгерлік, ішкі тренингтер (ФЕБ)                                                             | 1-інші жұмыс жылы ішінде                            |
| 6   | Кадрлық резерв                                               | Басқару және көшбасшылық курстары (ҚБ), тағылымдамалар, халықаралық бағдарламалар программы                                  | Даму жоспары бойынша                                |

Кәсіби даму бағдарламалары:

1) міндетті — заңдарда, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында немесе лицензиялау талаптарында белгіленген;

2) факультативтік — құрылымдық бөлімше басшысымен келісу кезінде қызметкердің бастамасы бойынша іске асырылатын болуы мүмкін.

## 6. Оқыту мен кәсіби дамытуды жоспарлау

### 6.1 Жоспарлау деңгейлері

Университет қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау үш деңгейде жүзеге асырылады:

- 1) институционалдық — адам ресурстарын дамыту департаменті;
- 2) құрылымдық бөлімшелер — кафедралар, бөлімдер, орталықтар деңгейінде;
- 3) жеке — оқытушының жеке жұмыс жоспары, «Біліктілікті арттыру» бөлімі (бұдан әрі – ОЖЖЖ), қызметкерлердің басқа да санаттары үшін — жеке өтініш беру және (3-қосымша) және есептілік (5б қосымшасы) арқылы.

Жоспарлау Университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, біліктілік талаптарына сәйкес келуге және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінде белгіленген тиімділік көрсеткіштерін орындауға бағытталған.

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 13-і |  |

## 6.2. Қажеттіліктерді талдау

Оқыту қажеттіліктерін талдау жыл сайын жүргізіледі және келесілерді қамтиды:

- 1) ПОҚ ОЖЖЖ деректері;
- 2) бөлімшелердің даму жоспарлары;
- 3) Университеттің стратегиялық және кадрлық құжаттары;
- 4) сапаны ішкі және сыртқы мониторингілеу нәтижелері (СҚІЖ, аккредиттеу, аудиттер);

5) басшылардың, алқалы органдардың, жұмыс берушілердің және кәсіптік қауымдастықтардың ұсыныстары.

Нәтижелер қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту жоспарына ресімделеді (1-қосымша), бұл қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларының жиынтық жоспарын қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

## 6.3. Жылдық және перспективалық жоспарлау

1. Мерзімдері және жауаптылар:

1) 15 қарашаға дейін — АРДД Персоналды дамыту басқармасы өтінімдерді жинау мен шоғырландыруды бастайды;

2) 15 желтоқсанға дейін — жетекшілік ететін проректордың жылдық және перспективалық жоспарларды бекітуі.

2. Жоспарлау көздері:

1) кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің өтінімдері;

2) біліктілігін бағалау мен аттестаттау нәтижелері;

3) Университеттің кадрлық стратегиясы;

4) ОЖЖЖ іске асырылуын мониторингілеу;

5) СҚК, КІБ, АСБ (АЖД), АРДД, ҚКББИ ұсынымдары.

3. Жоспарлардың түрлері:

1) Жылдық жоспар — күнтізбелік жылға арналған іс-шаралар тізбесі;

2) Перспективалық жоспар (5 жыл) — кадр әлеуетін стратегиялық дамыту, кадр резервін қалыптастыру, ПОҚ буындары мен басшылардың сабақтастығын қамтамасыз ету.

## 6.4. Жоспарлардың мазмұны

Оқыту және кәсіби дамыту жоспарларына мыналар кіреді:

1) бағдарламалар мен іс-шаралардың тізбесі;

2) қызметкерлердің мақсатты санаттары;

3) оқыту нысандары мен мерзімдері;

4) қаржыландыру көздері;

5) күтілетін нәтижелер.

## 6.5. Оқытушының жеке жұмыс жоспары, «Біліктілікті арттыру» бөлімі

1. Сипаты

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 14-і |  |

1) ОЖЖЖ — Университетте штаттық лауазымды атқаратын оқытушының біліктілігін арттыруды қоса алғанда, жұмыстың барлық бағыттары бойынша қызметін регламенттейтін құжат.

2) «Біліктілікті арттыру» бөлімі кәсіптік даму бағыттарын, жеке білім беру қажеттіліктерін және міндетті оқытуға қойылатын талаптарды ескере отырып, үш оқу жылы мерзіміне іс-шараларды жоспарлауға және тіркеуге арналған.

2. Толтыру үшін жауапкершілік:

1) оқытушы ақпараттың толықтығын, дұрыстығын және уақтылы енгізілуін қамтамасыз етеді;

2) кафедра меңгерушісі жоспарды бекітеді, оның орындалуын бақылайды және қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді.

3. Қалыптастыру тәртібі:

1) жоспарды оқытушы жасайды және кафедра отырысында алдын ала талқыланады;

2) әр оқу жылының басында кафедра меңгерушісі келіседі және бекітеді;

3) қажет болған жағдайда жоспар оқу жылы ішінде өзектілендірілуі мүмкін.

4. Орындалуын растау

Іс-шаралардың орындалу фактісі «Орындалуы» бағанында сағаттар санын көрсете отырып және кафедра отырысы хаттамасының нөмірін тіркей отырып көрсетіледі.

5. Сақтау және есепке алу

Бекітілген ОЖЖЖ кафедрада белгіленген тәртіппен сақталады және сапаны ішкі бақылау процесінде қолданылады.

## **7. Бағдарламаларды әзірлеу, сараптау және іске асыру**

### **7.1. Бағдарламаларды әзірлеу**

Қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларын әзірлеуді кафедралар, ҚКБИ немесе басқа да құрылымдық бөлімшелер келесілерге сәйкес жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына;

2) Университеттің қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарына;

3) ҚБ және ФЕБ бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарға.

Әр бағдарлама бағдарламаның паспортымен (4-қосымша) ресімделеді, ол келесілерді қамтиды:

1) бағдарламаның атауы;

2) оқытудың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері (құзыреттілік тұрғысынан);

3) қатысушылардың санаты мен мақсатты аудиториясы;

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 15-і |  |

- 4) оқыту нысаны мен ұзақтығы, СБ көлемі;
- 5) мазмұнын, оқыту нысандарын және бағалау әдістерін сипаттау;
- 6) іске асыру шарттары (ресурстар, жабдықтар, кадрлармен қамтамасыз ету);
- 7) нәтижелерді растау нысаны (сертификат, куәлік).

## **7.2. Бағдарламаларды сараптау**

Бағдарламаларды әдістемелік және мазмұндық сараптауды ҚКББИ білім беру бағдарламалары жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – ББК) бейіндік сарапшыларды тарта отырып жүргізеді экспертов.

Сараптау қорытындылары бойынша:

- 1) бағдарламаны іске асыруға жіберу туралы;
- 2) өзгеріс енгізу туралы;
- 3) бағдарламадан бас тарту туралы шешім қабылданады.

## **7.3. Бағдарламаларды өзектілендіру**

Бағдарламалар кемінде үш жылда бір рет не — келесі жағдайларда қайта мерзімінен бұрын қаралуы тиіс:

- 1) нормативтік талаптар өзгерген жағдайда;
- 2) білім беруде жаңа қажеттіліктер анықталған жағдайда;
- 3) қатысушылардан немесе жұмыс берушілерден кері байланыс алынған жағдайда.

Өзектілендірілген бағдарламалар қайта сараптамадан өтеді және белгіленген тәртіппен бекітіледі.

## **7.4. ФЕБ бағдарламаларын іске асыру**

ФЕБ бағдарламаларын іске асыру және сынақ бірліктерін (бұдан әрі – СБ) қайта есептеу тәртібі келесілер бойынша айқындалады:

- 1) «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ формальды емес білім беру туралы ережесі;
- 2) «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ қызметкерлерінің қосымша және формальды емес білім алу нәтижелерін тану қағидалары.

## **8. ҮКД қатысуды ресімдеу тәртібі**

### **8.1. Өтінім беру**

ҮКД бекітілген жылдық жоспарына енгізілген қызметкер бағдарлама, шақыру немесе шарт қосымшасымен бірге нысан (3-қосымша) бойынша өтініш береді. Тапсыру мерзімі — оқу басталғанға дейін 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей.

### **8.2. Бекіту және тіркеу**

- 1) Өтінім бөлімше басшысымен келісіледі.
- 2) ААЖ-да тіркеу үшін АРДД-ға беріледі.

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 16-і |  |

3) Қажет болған жағдайда оқуға жіберу туралы бұйрық ресімделеді.

4) АРДД: жүйеде тіркеуді, бұйрықты дайындауды (қажет болған жағдайда), құжаттар мен есептердің қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

### **8.3. Оқу қорытындысы бойынша есеп**

1) Бағдарлама аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде қызметкер куәлік/сертификат/диплом көшірмесімен, нысан бойынша (5а/ 5б қосымшасы) есеп береді.

2) Есеп бөлімшеде және электрондық түрде ААЖ-да сақталады.

3) Тоқсан сайын (тоқсанның соңғы айының 25-іне дейін) бөлімше АРДД-ге жиынтық есеп береді (6-қосымша).

### **8.4. Нәтижелерді енгізу**

1) Алынған білім мен дағдылар кәсіби қызметке міндетті түрде енгізілуі тиіс.

2) Енгізу фактісі тіркеледі: кафедра / бөлімше отырыстарының хаттамаларында; СҚІЖ жүйесінде (енгізілгені туралы белгі).

### **8.5. Шетелдік бағдарламалардың ерекшеліктері**

Форматтар:

1) гранттар (Erasmus+, Болашақ, DAAD және т.б.);

2) халықаралық ынтымақтастық туралы шарттар;

3) Университет қаражаты немесе қызметкердің өз қаражаты.

Қойылатын шарттар:

1) медициналық сақтандыруды рәсімдеу;

2) ҚР заңнамасына сәйкес дербес деректерді өңдеуге және трансшекаралық беруге келісім;

3) сыртқы платформаларда тіркеу қызметтік поштаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Міндетті келісу:

1) АРДД — тіркеу және есепке алу;

2) Халықаралық ынтымақтастық басқармасы — ұйымдастыру мәселелері;

3) ЭҚД — бюджеттік қаржыландыру кезінде;

4) Заң бөлімі — шарттар мен іссапарлар бойынша.

Аяқталғаннан кейін:

1) есеп және растайтын құжат;

2) әріптестер үшін семинар/воркшоп өткізу;

3) құзыреттерді енгізу бойынша ұсыныстар.

### **8.6. Нәтижелерді есепке алу, верификациялау және тану**

1. Құжаттау:

Беру мерзімі — оқу аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде. ААЖ-ге жүктелетіндері:

1) куәлік/сертификат сканы;

2) есеп (5а/5б қосымшасы);

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                                                                              |                                                      |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                                                                              |                                                      |
|                                                                                  | <p align="center">Адам ресурстарын дамыту департаменті<br/>Академиялық сапа бөлімі</p>                                                                                                   | <p align="center">Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br/>қағидалары</p> | <p align="center">Редакция: 1<br/>37 беттің 17-і</p> |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                                                                              |                                                      |

3) бар болса — енгізу туралы кафедра хаттамасынан үзінді.

2. Верификацияға жауаптылар: кафедра меңгерушілері, бөлімшелердің басшылары, АРДД, ҚКБИ (ішкі оқыту бойынша).

Құжаттарды сақтау мерзімі — кемінде 5 жыл.

3. Сыртқы бағдарламаларды тексеру критерийлері:

- 1) лицензияның болуы/ провайдердің аккредиттеуі;
- 2) бағдарламаның біліктілік талаптарына сәйкестігі;
- 3) оқытудың ауқымы мен мазмұнын растау.

### **8.7. Сынақ бірліктерін қайта есептеу**

Қосымша және формальды емес білім беру бағдарламалары шеңберінде алынған СБ тану және қайта есептеу, «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ ҚБ және ФЕББ бойынша оқыту нәтижелерін тану және қайта есептеу туралы ереже бойынша жүзеге асырылады.

## **9. Сандық бекіту және есепке алу**

### **9.1. Енгізілетін деректердің тізбесі**

ААЖ Автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне ҮҚД әрбір бағдарламасы бойынша мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) бағдарламаның атауы;
- 2) провайдер;
- 3) оқыту формасы мен форматы (күндізгі, онлайн, аралас);
- 4) өткізу мерзімдері;
- 5) оқыту ауқымы (СБ және/немесе академиялық сағаттармен);
- 6) қаржыландыру көзі;
- 7) растайтын құжаттың түрі (куәлік, сертификат, диплом);
- 8) қатысушының Т.А.Ә.

### **9.2. Деректерді енгізу мерзімдері және жауаптылар**

Енгізу мерзімі — оқыту аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей.

Жауаптылар:

1) деректерді бастапқы енгізу — кафедра меңгерушілері / құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

2) әкімшіліктендіру, дұрыстығын және толықтығын тексеру — АРДД Цифрландыру департаментімен бірлесіп.

### **9.3. Сыртқы бағдарламаларды верификациялау**

АРДД тексереді:

- 1) лицензияның болуын немесе провайдердің аккредиттеуін;
- 2) бағдарламаның лауазым бейініне және біліктілік талаптарына сәйкестігін;
- 3) көрсетілген деректердің дұрыстығы (мерзімдері, көлемі, форматы);
- 4) растаушы құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы.

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                                                                              |                                     |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                                                                              |                                     |
|                                                                                  | <p align="center">Адам ресурстарын дамыту департаменті<br/>Академиялық сапа бөлімі</p>                                                                                                   | <p align="center">Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br/>қағидалары</p> | <p align="right">Редакция: 1</p>    |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                                                                              | <p align="right">37 беттің 18-і</p> |

#### 9.4. Жауапкершілік және бақылау

Мерзімдердің бұзылуы немесе дұрыс емес деректердің енгізілуі жүйеде тіркеледі. Ден қою шаралары:

- 1) жазбаны жөндеуге қайтару;
- 2) жүйелі бұзушылықтар кезінде — қызметтік тергеу;
- 3) сын көтермейтін қателіктер болған жағдайда — ҮКД расталған бағдарламаларының қорытынды тізілімінен жазбаны алып тастау.

### 10. ҮКД мәселелері бойынша құжаттама

#### 10.1. Іс-шараларды құжаттау

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту жөніндегі іс-шараларды құжаттандыру университеттің ҮКД саясатының міндетті элементі болып табылады. Ол:

- 1) іс-әрекеттің қадағалануын;
- 2) жоспарлардың орындалуын бақылау және мониторингілеуді;
- 3) кәсіби дамуды жоспарлау, іске асыру және бағалау процестері шеңберінде нәтижелерді растауды қамтамасыз етеді.

#### 10.2. Міндетті құжаттамалар тізбесі

| № | Құжаттың атауы                         | Бекітуші орган                       | Жарамдылық мерзімі                  | Нысан / Қосымша | Сақталу орны        |
|---|----------------------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------|-----------------|---------------------|
| 1 | ҮКД жылдық жоспары                     | Бөлімше басшысы, АРДД-мен келісіледі | 1 жыл                               | 1-қосымша       | АРДД, ҚКБИ, кафедра |
| 2 | Перспективалық (5 жылдық) жоспар       | Бөлімше басшысы, АРДД-мен келісіледі | Ауыстырылғанға дейін                | 2-қосымша       | АРДД, кафедра       |
| 3 | Оқытушының жеке жұмыс жоспары (ОЖЖЖ)   | Кафедра меңгерушісі                  | 3 жыл                               | —               | Кафедра             |
| 4 | Оқуға өтінім беру                      | Қызметкер, басшымен келісіледі       | Кезең бойына                        | 3-қосымша       | Кафедра             |
| 5 | Оқығаны туралы құжаттардың көшірмелері | Қызметкер / басшы                    | 5 жыл                               | —               | Кафедра, ААЖ        |
| 6 | Оқығаны туралы есеп                    | Қызметкер, басшы бекітеді            | 5 жыл                               | 5а/5б қосымшасы | Кафедра             |
| 7 | Енгізу туралы хаттамадан үзінді        | Басшы                                | 5 жыл                               | —               | Кафедра             |
| 8 | Тоқсандық жиынтық есеп                 | Басшы                                | Тоқсанның соңғы айының 25-іне дейін | 6-қосымша       | АРДД                |

|                                                                                  |                                                                             |                                                       |                               |
|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|-------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ         |                                                       |                               |
|                                                                                  | НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» |                                                       |                               |
|                                                                                  | Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі             | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары | Редакция: 1<br>37 беттің 19-і |

|   |                                |              |       |           |                  |
|---|--------------------------------|--------------|-------|-----------|------------------|
| 9 | Кері байланыс<br>сауалнамалары | ҚКБИ басшысы | 1 жыл | 7-қосымша | Кафедра,<br>ҚКБИ |
|---|--------------------------------|--------------|-------|-----------|------------------|

### 10.3. Электрондық түрде сақтау және архивтеу

1. ҮЕҰ бойынша барлық құжаттар сканерленуі және ААЖ-ға жүктелуі тиіс, міндетті түрде: өткен күндері, оқу көлемі (СБ/сағат), провайдері және құжат түрі көрсетіледі.

2. Оқытушылардың жеке жұмыс жоспарлары («Біліктілікті арттыру» бөлімі), өтінімдері мен ҮҚД жоспарлары ААЖ-да қосымша бекітіледі.

3. Құжаттарды сақтау университеттің бекітілген істер номенклатурасына, ішкі нормативтік актілерге және архивтік сақтау мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### 10.4. Құжаттаманың толықтығын бақылау

1. Ресімдеуге және сақтауға жауаптылар: кафедра меңгерушілері мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары.

2. Толықтығы мен дұрыстығын бақылау: АРДД — жоспарлар, есептер мен нәтижелері бөлігінде; ҚКБИ — бағдарламалар мен растаушы құжаттардың сапасына қатысты.

3. Құжаттаманы жүргізуге қойылатын талаптарды сақтамау: бөлімшені ішкі аудит жоспарына қосу; СКІЖ САРА-жоспары шеңберінде түзету іс-шараларын жүргізу үшін негіз болып табылады.

## 11. ҮҚД бағдарламаларын қаржыландыру

Үздіксіз кәсіби даму жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Университеттің кадрлық қажеттіліктерінің ашықтығы, негізділігі және басымдығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

### 11.1. Қаржыландыру көздері

1. Бюджет қаражаты — Университеттің мақсатты бағдарламалары, мемлекеттік тапсырмалары және бекітілген сметасы шеңберінде.

2. Бюджеттен тыс қаражат — Университеттің кірістері, оның ішінде Даму қоры және мақсатты бағдарламалар (академиялық көшбасшылық, цифрландыру, ESG және басқа да).

3. Гранттар және серіктестік бағдарламалары — халықаралық ұйымдардың (Erasmus+, DAAD, ДДҰ, USAID, British Council және басқа да), салалық серіктестердің (Білім және ғылым министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, қауымдастықтар, аккредиттеу орталықтары), демеушілердің, қайырымдылық қорлары мен шетелдік университеттердің қаржыландыруы.

4. Серіктес-жұмыс берушілердің қаражаты — персоналдың құзыретін дамыту туралы шарттар бойынша.

5. Қызметкерлердің өз қаражаты — оқу үшін өзін-өзі қаржыландыруы кезінде (жеке бағдарламалар, жоспардан тыс даму, шетелдік конференциялар).

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 20-і |  |

## **11.2. Қаржыландыру шарттары**

1. Бағдарлама ҰҚД жылдық жоспарына енгізілуі немесе белгіленген тәртіппен келісілуі тиіс.

2. Оқыту кадр саясатына, біліктілік сәйкестігін талдау нәтижелеріне және университеттің стратегиялық басымдықтарына сәйкес келуі тиіс.

3. Сыртқы бағдарламаларға міндетті түрде әдістемелік сараптама және қажет болған жағдайда ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес сатып алу рәсімі жүргізіледі.

4. Университет есебінен қаржыландыру кезінде қызметкер алған білімдері мен дағдыларын кәсіби қызметке енгізуге міндетті. Шарт талаптары орындалмаған жағдайда Университет шығындарды өтеуді қоса алғанда, шаралар қолдануға құқылы.

5. Республикалық бюджет қаражаты және/немесе Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметкердің біліктілігін арттыру, 5 (бес) жыл ішінде бір реттен жиі төленбейді.

Ескертпе: 6.2 тармақ бойынша, оқытудың қажетті кезеңділігі қаржыландыру көзіне қарамастан сақталады; бюджет/Университет қаражатынан төленбейтін жылдарда оқыту өзге көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін (12.1.3–12.1.5 тармақшалар).

6. Қаржыландырудың 5 жылдық циклі қызметкердің санаты бойынша оқытудың міндетті циклімен сәйкес келмеген кезде кезеңділік бойынша міндетті талаптарды орындау үшін ҚКБИ ішкі бағдарламаларына қаржыландырудың, қоса қаржыландырудың және/немесе қатысудың өзге де көздеріне жол беріледі.

## **11.3. Қаражатты жоспарлау және бөлу**

1. Экономика және қаржы департаменті (бұдан әрі – ЖҚД) АРДД-мен бірігіп құрылымдық бөлімшелерден және ҚКББИ-ден түскен келісілген өтінімдердің негізінде ҰҚД қаржыландырудың жылдық жоспарын қалыптастырады.

2. Жоспарлау кезінде университеттің даму басымдықтары, алдыңғы бағдарламаларды іске асыру нәтижелері және оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар ескеріледі.

3. Бөлімшелер арасында қаражатты бөлу бекітілген сметаға және ҰҚД жиынтық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **11.4. Көздерден қаржыландыру тәртібі**

1. Бюджеттік және бюджеттен тыс: курстарға, тағылымдамаларға, конференцияларға қатысу ақысы; іссапар шығыстары (жол жүру, тұру, тәуліктік); тіркеу жарналары; провайдерлермен жасалған шарттар бойынша білім беру қызметтеріне ақы төлеу.

2. Гранттар және серіктестік бағдарламалар: жобалық өтінімді ресімдеу және халықаралық ынтымақтастық басқармасымен келісу; бағдарламаның ішкі сараптамасы (ҚКБИ АСБ ББК); оқуға жіберу туралы бұйрық шығару; грант

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                   | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 21-і |  |

шарттарының орындалуы туралы есеп беру; ұзақ мерзімді мультипликативтік әсері бар бағдарламаларға басымдық беріледі.

3. Өзін-өзі қаржыландыру: бағдарламаны бөлімше басшысымен келісу; өз қаражаты есебінен шығыстарды жабу туралы хабарлама; растайтын құжаттар мен енгізу туралы есепті ұсынған кезде нәтижелерді тану мүмкіндігі.

4. Визалық алымдар, сақтандыру және тіркеу жарналары қаржыландыру көздерінен рұқсат етілген шығыстарға жатады.

### **11.5. Қаржылық бақылау және есеп беру**

1. ЭҚД қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады (шарттарды, актілерді, есеп беру материалдарын тексеру).

2. Жыл қорытындысы бойынша қаржыландыру көздері мен тиімділік көрсеткіштері көрсетілген жиынтық қаржылық есеп қалыптастырылады, ол Басқарма мен Ғылыми кеңеске ұсынылады.

3. ҮҚД-ге кеткен шығыстар туралы ақпарат кадр саясатын іске асыру туралы есепке және Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіне интеграцияланады.

### **12. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің оқытуды ұйымдастыру және кәсіби даму мәселелері бойынша өзара қарым-қатынасы**

Университет қызметкерлерінің Үздіксіз кәсіби дамуын ұйымдастыру кезіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара қарым-қатынасы PDCA (Plan–Do–Check–Act) цикліне сәйкес жүзеге асырылады:

**P — Plan (Жоспарлау):** білім беру қажеттіліктерін анықтау, мақсаттар қою, ҮҚД жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және келісу.

**D — Do (Іске асыру):** білім беру іс-шараларын өткізу, бағдарламаларды үйлестіру, ресурстармен қамтамасыз ету және оқыту процесін сүйемелдеу.

**C — Check (Тексеру):** бағдарламалардың нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау, КРІ жетістіктерін талдау, кері байланысты жинау және өңдеу.

**A — Act (Әрекет / Түзету / Қолдану):** тексеру нәтижелері негізінде бағдарламаларды, жоспарлар мен процестерді түзету, жақсартуларды енгізу, үздік тәжірибелерді тарату, сондай-ақ кадрлық, аттестациялық, ынталандырушы және есепті рәсімдерде танылған/қайта есептелген сынақ бірліктерін қолдану.

#### **12.1. Қатысушылардың функциялары**

1. Университет қызметкерлері (ПОҚ, ӘБҚ және т.б.)

1) 3 оқу жылына ОЖЖЖ жасайды және өзектілендіреді («Біліктілікті арттыру» бөлімі), жыл сайын жоспарды семестрлер бойынша нақтылайды және оны кафедра меңгерушісімен келіседі (ПОҚ үшін);

2) белгіленген мерзімдерде (ПОҚ — 3 жылда 1 реттен сиретпей  $\geq 72$  сағат; денсаулық сақтау саласының мамандары — 5 жылда 1 реттен сиретпей  $\geq 60$  сағат) міндетті оқытудан өту және дамудың жеке траекторияларын орындау;

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |                                                                              |                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                                                                              |                                                      |
|                                                                                   | <p align="center">Адам ресурстарын дамыту департаменті<br/>Академиялық сапа бөлімі</p>                                                                                                   | <p align="center">Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br/>қағидалары</p> | <p align="center">Редакция: 1<br/>37 беттің 22-і</p> |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                                          |                                                                              |                                                      |

3) бағдарлама басталғанға дейін күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей оқуға өтініш беру (3-қосымша), негізгі қызметтен алшақтықты және оқу жүктемесінің кестесін келісу;

4) бағдарлама аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде кафедраға/бөлімшеге есеп беру (5а/5б қосымшасы) және растайтын құжаттың көшірмесін ұсыну;

5) ААЖ нәтижелерін тіркеу үшін мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз ету, жауапты тұлғаға материалдарды уақтылы ұсыну;

6) алынған құзыреттерді білім беру / клиникалық / әкімшілік қызметке енгізу; қажет болған жағдайда ұжым үшін семинар/воркшоп өткізу және силлабустарға өзгерістер енгізу және т. б.;

7) қаржыландыру және іссапар шарттарын сақтау; бағдарламаны негізсіз орындамаған жағдайда – Университет белгілеген тәртіппен шығындарды өтеу (12.2–12.4 тармағын қараңыз);

8) растаушы құжаттардың түпнұсқаларын сақтау және оларды бақылау органдарының талабы бойынша ұсыну;

9) ішкі бақылау және аудит іс-шараларына қатысу, қажетті мәліметтер мен түсініктемелер беру;

10) Университеттің заңнамасы мен жергілікті актілерінің, оның ішінде дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарын сақтау.

## 2. Кафедралар мен құрылымдық бөлімшелер

1) оқыту қажеттіліктерін анықтайды, жеке және ұжымдық өтінімдерді қалыптастырады;

2) қызметкерлер бөлінісінде ҮКД жылдық және перспективалық жоспарларын жүргізеді;

3) қызметкерлерді оқытуға, есептілікті бақылауға және нәтижелерді енгізуге жіберуді қамтамасыз етеді;

4) АРДД-ға есептер ұсынады және тиімділікті мониторингілеуге қатысады;

5) нәтижелерді практикаға және оқытуға интеграциялауды қамтамасыз ете отырып, ҮКД қорытындылары бойынша кафедралар / бөлімшелер отырыстарын өткізеді;

6) кафедра шегінде ҮКД бағыттары мен басымдықтарын бекітеді;

7) ПОҚ және кафедраның өзге де қызметкерлерінің кәсіби дамуының жеке траекторияларын бекітеді және түзетеді;

8) кафедраның ұжымдық даму траекториясын түзету бойынша ұсыныстар қалыптастырады және оларды мектеп/факультет кеңесіне жібереді.

9) тиімділікті бағалауға қатысады (7-қосымша);

## 3. Мектептер / факультеттер

1) мектеп/факультет шегінде ҮКД бағыттары мен басымдықтарын бекітеді;

2) Ұжымдық даму траекториясын бекітеді (мектептің/факультеттің кафедралары мен бөлімшелері бойынша);

3) мектеп/факультет шегінде ҮКД нәтижелілігін бағалайды;

|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          |                |  |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--|
|  | <p align="center"><b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b><br/> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b></p> |                |  |
| Адам ресурстарын дамыту департаменті<br>Академиялық сапа бөлімі                  | Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту<br>қағидалары                                                                                                                                    | Редакция: 1    |  |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                                          | 37 беттің 23-і |  |

4) Университеттің жиынтық жоспарына басым бағыттарды енгізу бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

4. Академиялық жұмыс департаменті (бұдан әрі – АЖД), Клиникалық жұмыс департаменті (бұдан әрі – КЖД), Ғылым департаменті (бұдан әрі – ҒД)

1) Университеттің қызмет бейіні мен даму басымдықтары бойынша қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларына өтінімдерді жүйелейді және келіседі;

2) алдыңғы циклды іске асыру нәтижелері мен тиімділікті талдау негізінде оқыту жоспарлары мен бағдарламалар тізбесін түзету жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) стратегиялық мақсаттарды, сапа мониторингінің нәтижелерін және КІБ, СҚК, АСБ ұсынымдарын ескере отырып, TeachHub бағдарламалары үшін басымдықтарды қоса, оқытудың тақырыптық бағыттарын қалыптастырады;

4) ұсынылған бағдарламалар мен өтінімдердің белгіленген критерийлерге (ҚР НҚА, ІНҚ, СҚІЖ стандарттары, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары) сәйкестігін тексереді;

5) сынақ бірліктерінің көлемін анықтауды қоса алғанда, ҚБ/ФЕБ бағдарламаларының паспорттарын әзірлеуге, әдістемелік сараптамаға және келісуге қатысады;

6) ҚБ/ ФЕБ бағдарламаларының жиынтық жоспарын қалыптастыру және нәтижелер мен СБ тану жөніндегі комиссия мен ҚБ/ ФЕБ үшін материалдарды дайындау кезінде АРДД-мен және ҚКБИ-мен өзара қарым-қатынас жүргізеді;

7) СҚК есептерінің негізінде, ҚБ/ФЕБ танылған нәтижелерін білім беру және ғылыми-клиникалық қызметке енгізу мониторингін жүзеге асырады, СҚІЖ есептерінде көрсету үшін тиісті деректерді береді;

8) келесі кезеңге оқытудың басым бағыттарын түзету бойынша ұсыныстар енгізеді.

5. Адам ресурстарын дамыту департаменті

1) оқыту және кәсіби даму жүйесінің үйлестірушісі қызметін атқарады;

2) оқытудың жылдық және перспективалық жоспарларын қалыптастырады, үйлестіреді және сүйемелдейді;

